

**Күршім ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірінғай жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы**

### **Күшін жойған**

Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2018 жылғы 25 сәуірдегі № 22/9-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Күршім аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 18 мамырда № 5-14-162 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымдағы № 50/5-VI шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 24.06.2020 № 50/5-VI шешімімен (01.01.2020 бастап қолданыска енгізіледі).**

**Р Қ А О - н ы ң                            е ск е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 509-бабының 5-тармағына, 704-бабының 3-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Күршім аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Күршім ауданы бойынша Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылғы мақсатындағы жерлерге "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы кодексінің 503, 704 - баптарында белгіленген жер салығының және бірынғай жер салығының базалық мөлшерлемелері он есе жоғарылатылсын.

2. Күршім аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 7/10-VI "Күршім ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылғы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірінғай жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 4852 нөмірімен тіркелген, 2017 жылғы 1 сәуірдегі "Рауан-Заря" аудандық газетінде және 2017 жылғы 3 ақпандағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің

электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімінің күші жойылған деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрагасы*

*Күршім аудандық мәслихаттың хатшысы*

*Л. Құмарова*

*M. Саганақов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК